

Қарағанды қаласының медициналық колледжі

# Өлім жазасы



Өлім жазасы – ежелден келе жатқан ең ауыр жаза. Өлім жазасы қоғамдағы ауыр қылмыстармен күресу үшін қолданылған. Көне замандарда негізінен патшаның әмірін орындамаған адамды, иесіне қарсыласқан құлды, ұрлық жасаған адамды, бұйрықты орындамаған жауынгерді өлім жазасына кескен.

Шыңғысхан әскерінде бір адам шайқас кезінде шегінсе немесе қашса құрамына сол жауынгер кіретін бір ондық түгел өлтірілген.

Еуропа Кеңесі Адам құқықтары мен бостандығын қорғау туралы конвенцияға қосымша 1983 жылғы 28 сәуірде өлім жазасын жою туралы №6 хаттама қабылдады.



Әлем елдерін сол хаттамаға қол қойып, қосылуға шақырды. Осы шаралардан кейін әлемнің 80-нен астам мемлекеті өз қылмыстық заңынан өлім жазасын алып тастады. Қазақстанда өлім жазасы (ату) тек айрықша ауыр қылмыстар (лаңкестік, геноцид, айуандықпен кісі өлтіру, т.б.) үшін тағайындалады. 18-ге толмаған жасөспірімге, әйел адамға, сот үкімі шыққанға дейін 65 жасқа толған ер адамға қолданылмайды. Рақымшылық жасалған жағдайда өлім жазасы өмір бойына немесе 25 жылға бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылуы мүмкін.



2003 жылы 17 желтоқсанда ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий жариялау туралы» Жарлығы шыққан болатын. Осыған дейін елімізде 536 адамға өлім жазасы қолданылған. Жарлыққа орай, 2004 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстанда өлім жазасы тоқтатылды. Алайда, соңғы жылдарда адамилық қағидаларға жат педофилдік, адамды өлтіріп, мүшелеу, лаңкестік сияқты аса ауыр қылмыстардың артуы, өлім жазасын қайта енгізу туралы ұсыныстың жиі көтерілуіне бірден бір себеп болып отыр.

Алайда, Қытай, Иран, Сауд Арабиясы, Пәкістан, АҚШ (17 штатында мораторий жарияланған) сынды бірқатар елдер мен Еуропада жалғыз Белоруссия өлім жазасын қалдырды.



## Қоданылатын өлім жазасының түрлері:

- Ату
- Дарға асу
- Электр орындығында жазаға тарту
- Газбен уландыру
- Басын шабу (Араб елдерінде)
- Инекция жасау (соңғы кезде Қытайда жиі қолданады)
- Таспен ұрып өлтіру (Иранда)

Әлемде өлім жазасына жиі жүгінетін бірден-бір мемлекет Қытай болып отыр.



«Ақмешіт-Сырдария» мешітінің найб-имамы: Асқар Жұбанов  
- Өз басым өлім жазасын қолдамаймын. Өйткені исламда адамның жаны бәрінен қымбат. Адамның жаны – Аллаһ тағаланың аманаты. Біз оны ойлағанша, қоғамда имандылықты арттыру мәселесіне мән бергеніміз жөн. Исламда адамды ұрып-соқпақ түгілі, ғайбат сөйлеуге тыйым салынады. Адамды өлім жазасына кескеннен гөрі қылмысқа итермелейтін себептердің алдын алу жағын қарастыру керек.



# Фейсбуктегі пікірлер

## Өлім жазасын қайтару қажет пе?



Білімжан Есенбаев:

- Өлім жазасы керек. Бүлдіршін қыздарды зорлаған адамдарды қинап өлтіру керек. Екі-үш адамды өлтірген қылмыскердің жер басып жүруі қоғам үшін қауіпті. Ал «адамға өмірді Аллаһ берді, ендеше өзі алу керек» дегенге бір ғана айтарым бар. Аллаһ адамдарға таңдау еркін берді ғой.



Абдул Хамзиев:

- Бірақ арасында түсініспеушіліктерде көп орын алуы мүмкін. Егер басқа бір азаматтың мойнына іліп жіберуіде әбден мүмкін. Сот әділ өте қоймайды, барлығы Мәке Сәке, акшамен жаба салады, Қазақстанға құқықтар енгізу қажет



Даулен Стаханов

- 5 жастағы сәбилерді зорлап жүрген педофилдерді өлім жазасына кесуге қарсы болмас едім ал қалғанына кешірім мен қарауға болады...

# ВКонтакте желісіндегі пікірлер



Камосья Аристанбекова  контакте

- Өлім жазасының біздің елге қажеті жоқ! Өзіміз көбейе алмай жүргенде, өз халқымызды өлім жазасына кесуіміз дұрыс емес! Конституциямызда 1 бапты ашып оқысақ, "Адам-мемлекеттің ең басты қазынасы" деп жазылған. Егер өлім жазасын шығаратын болса, ол өзіміздің заңымызға қарсы шығып тұрғанымыз ғой!



Жулдыз Полатова  контакте

- Өлім жазасы болу керек. Бірақ әділеттік жоқ мына заманда шет елге қашқан шенеуліктерді, қыз зорлағандарды, адам сату фактісімен ұсталғандарды, ештеңеге қарамай асу керек. Ондайларды кешірмеу керек. Оларды халықтың көз алдында дарға асу керек. Сонда ғана мемлекетімізде тыныштық болатын шығар.



Хамит Ақжігітов  контакте

Өлім жазасы керегі жоқ алла берген жанын біздің алуымызға құқығымыз жоқ алла өзі берген жанын өзі алады сәл қаталдау жаза қолданғанның өзі жетіп жатыр



# Қытай еліндегі өлім жазасы

Қытай өлім жазасына кесу және оны жүзеге асыру санына қарай бірінші орындағы ел. Түрлі мәліметтерге сәйкес, Қытайда жыл сайын 2-7 мың өлім жазасы іске асырылады.

*Төмендегі қылмыстарға байланысты жүзеге асырылады:*

Еліне опасыздық жасағанда

Қаруды заңсыз қолданғанда

Дұшпандарға жақтасқанда

Тыңшылық әрекеттер жасағанда

Абайсызда өрт шығарғанда

Қоғамға кері әсерін тигізген үшін

Біреуді көлікпен қағып кетсе

Қоғамдық көліктерді өз көлігімен қағып кетсе

Сирек кездесетін жануарларды өлтіріп аулаған кезде

Қарызды уақытында қайтармағанда



Әлемнің 21 елінде 682 адам өлім жазасына кесілді.

Былтыр әлемнің 21 елінде 682 адам өлім жазасына кесілген. Ұйым мәліметтеріне қарағанда 2012 жылы өлім жазасын көп жүзеге асырған елдер қатарында Қытай, Иран, Ирак, Сауд Арабиясы мен АҚШ тұр, деп жазады «Алаш айнасы» басылымы. Жалпы, әлем бойынша өлім жазасына кесу көрсеткіші төмендеп келеді. Былтыр өлім жазасын алып тастаған мемлекеттер саны 97-ге жеткен екен. Ал Белоруссия Еуропадағы өлім жазасына мораторий жарияламаған бірден-бір ел болып қалып отыр. Онда былтыр кем дегенде үш адамға қатысты өлім жазасы орындалған.

